

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының

Жалпақтал филиалы.

Фурманов ауданы
Еңбекшілер депутаттары
Балықты ауылдық Кеңесінің
“XX-шы Партсъезд” колхозы

Қарасу ауылы.

Т а р и х и а н ы қ т а м а

12 маусым 2006 жыл.

Еңбекшілер депутаттары “Балықты” ауылдық Кеңесіне қарасты «К.Маркс», «Берік», «Жана-жол» колхозлары 1950-ші жылдары біріктіріліп «XX-шы Партсъезд» колхозы болып аталған. Бірақ колхоздардың біріктірілгені туралы жоғарғы органдардың шешімдері, өкімдері табылмады.

Колхоздың құжаттары мұрағатқа тек 1956 жылдан бастап жинақтағандығынан колхоз құрылған кездердегі, басқарма жиналыстарының отырыстары мен колхозшылардың жалпы жиналыс хаттамаларында ұйымдастыру мәселелері, біріктірілген колхоздардың жер көлемдері, халық саны, материалдық техникалық базасы мәдени - әлеуметтік ошақтары туралы деректер жоқ.

Колхоздың негізгі атқаратын міндеттері :

- Ауыл шаруашылық артелінің Жарғысын колхозшылардың жалпа жиналысында бекіту
- Колхоз басқармасының мажліс отырыстары мен колхозшылардың жалпы жиналыстарын уақтылы оздырып отыру.
- Жылдық бухгалтерлік есептерге бақылау-басшылық жасау.
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге терең талдау жасау.
- Жыл аяғында колхозшылармен толық есеп айырысу.

XX-шы “ Партсъезд” колхозында 1962 жылдың 1-ші қаңтарына 243 жан ұяда балаларын қосқанда 935 колхозшы болған, бұлардың 514-і еңбекке жарамды, соның ішінде 194 ер, 198 әйел адам. Еңбекке жарамсызы 392 адам. 25 елді пунктті қамтыған. Негізі : қор-13, Т-1, іс-31 б-2.

Колхозда сол жылдары 2434 ірі қара, 34110 қой, 1191 жылқы, 237 түйе бағылған.

Негізі : қор-13, Т-1 іс-30,6-9,10,11.

Осы жылға колхозға беркітілген жер көлемі 85797 гектар болса. Осының 13898 гектары шабындық, 6202-і суармалы жер, оның 13-гасы каналдармен суарылған, 66550-гасы жайылым, 3933-гектары егістік жерлер. Жалпы 84365 га ауыл шаруашылығына жарамды жері болған.

Негізі: қор-13, Т-1, іс-30 б-5.

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау Министірінің 1963 жылғы 5-ші қаңтардағы №45-к бұйрығына және Фурманов аудандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау басқармасының осы жылдың 14-ші қаңтар № 11-ші бұйрығына сәйкесті XX-шы Партсъезд колхозы таратылып, осы колхоздың негізінде Ақкөл совхозы құрылған.

Негізі : қор-32, Т-1"ж", іс1,б-1.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталар болсақ 1956-1962 жылдар аралығындағы № 1 тізімдеме бойынша тұрақты сақталатын 20 іс, № 1 "ж" тізімдемесі бойынша 88 іс қабылданып облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттаманы басқару бөлімінің сараптау тексеру комиссиясынан өткен.

Қордың қажетті актілері, тізімдемелері, істерді қабылдау актілері жасакталған.

2006 жылдың мамыр айынан бастап бұл қордың 1956-1962 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіліп, нәтижесінде 80 ескі мұқабалар ауыстырылып, 100 мұқаба желімделеніп, 100-іс қайта қалпіне келтіріліп, түптеп тігілді, 1458 парақ қайта нөмірленді. 114 іс маңызына және мерізіміне қарай жүйеленді.

13 бума қайта қалпіне келтірілді. 1 жапсырма жанартылды, 108 іс сөрелерден әкелініп қайта орнына қойылды.

Бұл қорды ғылыми-техникалық өңдеуден өтізу кезінде 13 іс өзінің тарихи құндылығын жойғандықтан жоюға бөлініп алынып акт түзелді, 19-іс ажыратылды.

Қорды ғылыми-техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне 1956- 1962 жылдар аралығындағы 33 (отыз үш) іс енгізілді.

Жеке құрам жөніндегі істердің № 1 "ж" тізімдемесіне 1956-1962 жылдар аралығындағы 81 (сексен бір) іс енгізілді.

Барлығы екі тізімдеме бойынша 114 іске тиісті актілер, тарихи анықтама, қор карточкалары, құндылығын жойған істерді жою актілері толтырылды.

Құжаттары мемлекеттік сақтауда тұрған № 13-шы қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Тізімдемедегі құжаттардың барлығы дерлік ресми тілде жазылған.

Жалпақтал Ә.Тілеуқызы
директоры



Б.Бекешев.